

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2024 жылғы 5 сәуірдегі № ДС-155

### Құрметті депутаттар!

Туризм саласының жекелеген мәселелеріне қатысты депутаттық сауалды қарастырып, келесіні хабарлайды.

***Бірінші. Инфрақұрылым мәселелері мен пойыздардың жай-күйіне қатысты***

Туризм инфрақұрылымын дамыту және сервис сапасын арттыру мақсатында инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

2023 жылы жалпы сомасы 131,2 млрд теңгеге 33 инфрақұрылымдық жоба іске асырылды.

Негізгі жобалардың қатарында Имантау-Шалқар курорттық аймағында жалпы сомасы 1,4 млрд теңгеге автожолдар салу және реконструкциялау бар.

Алакөл к. жағалауын нығайту жұмыстары (25 млрд теңге), Балқаш қ. Бертис шығанағының жағалауын абаттандыру (2,6 млрд теңге), Жасыбай к. кіреберісті орташа жөндеу (400 млн теңге).

Қазіргі уақытта 369,8 млрд теңге сомасына 61 жоба іске асырылуда. Олардың барлығында жобалық-сметалық құжаттама бар.

Сондай-ақ 20 өңірде туристік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған ТОП-20 дестинация бойынша жол карталары (2023 жылғы 19 желтоқсанда бекітілген) іске асырылуда.

Бұдан басқа, инфрақұрылымды жайластыру мәселелерін жедел шешу үшін ТОП-20 туристік орын айқындалды, олардың әрқайсысы үшін егжей-тегжейлі Бас жоспар әзірленуде.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдарға елді мекендерден тыс жерлерде және ұлттық парктер аумағында жерді шығарусыз туристік инфрақұрылым салу бойынша құзыреттер беру жоспарлануда.

**Анықтама:** Заңнамалық түзетулер Инвестицияларды тарту жөніндегі кеңестің (Инвестициялық штаб) қызметі шеңберінде пысықталды, ағымдағы сәтте Парламент Мәжілісіне енгізілді.

Автомобиль жолдарын пайдаланушыларға жайлылықты қамтамасыз ету үшін жол бойындағы сервис объектілерін (бұдан әрі – ЖСО) дамыту бойынша жұмыстар жалғасуда.

**Анықтама:** 2023 жылдың қорытындысы бойынша республикалық желі бойында жеке инвесторлар есебінен 37 бірлік ЖСО (ЖҚС – 18 бірлік, кафе, кемпинг, қонақ үй – 19 бірлік) салынып, пайдалануға берілді және 24 бірлік санитарлық-гигиеналық тораптар орнатылды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде Ұлттық стандарт талаптарына сәйкес келетін жол бойындағы сервис объектілерінің үлесі 74 %-дан 82 %-ға дейін жеткізілді.

Бүгінгі таңда жол бойындағы сервистің 1523 объектісі жұмыс істейді, оның 82 %-ы (1 250 бірлік) Ұлттық стандарт талаптарына жауап береді.

Ағымдағы жылдың соңына дейін 77 сервис объектісін іске қосу жоспарлануда, оның ішінде 36 объекті жеке инвестицияларды тарту есебінен (ЖҚС – 22 бірлік, тамақтану пункттері/қонақ үйлер – 14 бірлік), сондай-ақ қайта құру және жөндеу шеңберінде 41 санитарлық-гигиеналық торап, бұл Ұлттық стандартқа сәйкес келетін сервис объектілерінің үлесін 90 %-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Әлеуетті инвесторларды тарту мақсатында, сервис объектілерін салуға (құнының 10 %) және санитарлық-гигиеналық тораптарды ұстауға (айына 83 300 тг) шығындарды өтеу бойынша мемлекеттік қолдау тетігі жұмыс істейді.

Республикалық маңызы бар автожолдар бойындағы ЖСО-ны дамыту Ұлттық стандартқа сәйкес және қолданыстағы мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде жалғастырылатын болады.

Бүгінгі күні Алакөл көлі бағытында № 337/338 «Алматы – Достық» және № 6941/6942 «Ақтоғай – Достық» екі пойызы, сондай – ақ «Астана – Достық» (№ 121/122 «Астана – Семей» пойызының құрамында) және «Қызылорда-Достық» (№ 21/22 «Қызылорда – Семей» пойыздың құрамында) қатынайтын вагондар жүруде.

Жазғы кезеңде жолаушылар тасымалына қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында, Алакөл көлі бағытында (Достық станциясы) ағымдағы жылы қосымша 3 Тальго пойызын, стандартты құрамдағы 4 пойызды және тоқтаусыз вагондарды іске қосу жоспарлануда.

Жолаушылардың жайлы жүруі үшін құрамдардың барлық вагондары ауаны баптау жүйесімен қамтамасыз етілген.

Аталған маршруттар еліміздің барлық негізгі өңірлерін Алакөл көлінің жағалауымен тікелей қатынаспен қамтиды.

**Анықтама:** Алакөл к. курорттық аймағы (Үржар және Үшарал) бағыты бойынша Алматы қаласынан Скат және Южное небо авиакомпанияларының рейстері жүзеге асырылады, осы жазда Qazaq Air авиакомпаниясы рейсті іске қосуды жоспарлап отыр.

Жалпы, осы бағыттағы жұмыс Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде жалғасатын болады, оның нәтижесінде пайдалану мерзімі 25 жылдан асатын жылжымалы теміржол құрамының (жолаушылар вагондарының) үлесін 2030 жылға қарай 3,2 %-ға дейін төмендету жоспарланып отыр.

### ***Екінші. Туризм мен спортты қолдау қорына қатысты***

«Туризмді және спортты қолдау қоры» корпоративтік қорынан (*бұдан әрі – Қор*) туризм саласындағы жобалар мен іс-шараларды іске асыруға қаражат бөлу үшін Қорға ойын бизнесі және лотерея қызметі қаражаты есебінен туризм жобаларын қаржыландыру бойынша тиісті өкілеттіктер беру қажет.

Осыған байланысты Туризм және спорт министрлігі қажетті түзетулер әзірлеп, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарына туристік саланы қолдау мәселелері жөніндегі заң жобасын талқылау жөніндегі жұмыс топтары шеңберінде қарастыру үшін берілді.

### ***Үшінші. Қолөнерді дамытуға қатысты***

Бүгінде қолөнер саласында еңбек етіп жүрген отандық кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіледі.

Мәдениет және ақпарат министрлігіне (*бұдан әрі – МАМ*) қарасты республикалық музейлер мен музей-қорықтардың жұмыс жоспарына сәйкес қолөнершілерге ақысыз негізде көрме алаңдары беріліп, сәндік қолданбалы өнерге арналған экспозициялық залдар арқылы олардың шығармашылығын насихаттау жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі.

Атап айтқанда, 2023 жылы Отандық қолөнершілердің шығармашылық еңбегіне қолдау көрсету үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің (*бұдан әрі – Музей*) жанынан 2 бөліктен тұратын «Қолөнершілер орталығы» (*бұдан әрі – Орталық*) ашылды. Орталықта отандық қолөнершілер өз туындыларын тек насихаттап қана қоймай, оны қызығушылық танытып келген отандық және шетелдік көрермендерге сату арқылы пайда табу үшін мүмкіндік жасалған.

Бұл ретте Музей ғимаратындағы Орталықта орынды жалға беру мәселесі қолданыстағы мемлекеттік мүлік туралы заңнамаға сәйкес Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті арқылы жүзеге асырылатынын жеткіземіз.

Бұдан бөлек Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі «Шебер» қолөнершілер форумын өткізетін тұрақты алаңға айналған.

Сондай-ақ, Мәдениет және спорт министрлігі жанынан қолөнершілікті дамытуды қолдау мақсатында мынадай жұмыстар жүргізілді: кешенді зерттеу жүргізілді, Қазақстан қолөнершілерінің тізілімі жасалды, маркетинг және өнімді брендтеу дағдылары бойынша 52 қолөнершіге арналған семинарлар, халықаралық форумдар (*Алматы, Түркістан, Ақтау ққ. жиынтығында 200-ден астам қолөнершінің қатысуымен*) өткізілді, «Contemporary Istanbul», «Asia Now Paris» және «Bazaar Berlin» халықаралық көрмелеріне қатысу ұйымдастырылды, оның аясында қатысушылар өз өнімдерін сатуға мүмкіндік алды (*кескіндеме жұмыстарының бірі 15 мың АҚШ долларына сатылды*).

Бұдан басқа, креативті индустриялар саласында түзетулер қабылданды және зергерлік іс, IT және геймдевелопмент, халықтық қолөнер, телевизиялық бағдарламалар, фотография, сәулет және сән, музыка, мәдени мұра, мәдени-демалыс мекемелері, кітапхана мен мұражай, кино және анимация салаларында 43 ЭҚЖЖ тізбесі айқындалды.

Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табуда және МАМ-ның назарында.

***Төртінші. Туристік әлеуетті ілгерілету үшін ірі шетелдік телеарналармен ынтымақтастыққа қатысты***

Қазақстанның туристік әлеуеті туралы ақпараттың шектеулі болуы халықаралық қоғамдастықта ел туралы ақпараттың жеткіліксіздігіне әкеліп соғады, Қазақстанда туризм туралы контент, оның ішінде жарнамалық бейнероликтер/бейнежобалар жасау қажеттілігі бар.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 7 жарнамалық бейнеролик жасалды, оның 6-ы халықаралық аренада туристік әлеуетті ілгерілетуге бағытталған:

1) «**Куда мы летим?**» (2018) бейнеролигі Қазақстанды этностардың, діндердің, мәдениет пен тілдердің, тағамдардың, табиғат пен климаттың, тарихи және киелі жерлердің алуан түрлілігін табуға және бірегей саяхат тәжірибесін алуға болатын әртүрлілік елі ретінде ұсынады. Бейнеролик **Euronews NBC** арнасында таратылды. Телеарна эфиріндегі бейнеролик жалпы 238 рет көрсетілді.

2-3) **Travelstan және Adventurestan (2019)** бейнероликтерінің негізгі идеясы Қазақстанды саяхат елі ретінде көрсету және «стан» жұрнағымен теріс байланыстарды өзгерту болып табылады. **Eurosport** телеарнасында роликтер орналастыру ұйымдастырылды. Eurosport 1 және Eurosport 2 телеарналарында 1900 ротацияға қол жеткізілді. Бонус ретінде Eurosport веб-сайттарында жарнамалық науқанның ротациясы қамтамасыз етілді, осылайша Еуропа аудиториясына қосымша 3600000 ротация жасалды.

4) **Very nice» (2020)** жарнамалық науқанының нәтижесінде бүкіл әлем бойынша 1 миллиардқа дейін қаралым жиналды, **New York Times, Forbes, BBC, The Guardian** сияқты халықаралық медиа-арналарда 30-дан астам жарияланымдар болды.

5) Танымал тұлғалардың қатысуымен ТМД аумағында мақсатты аудитория арасында Қазақстанды ілгерілету «**7 причин сорваться в Казахстан зимой» (2022)** бейнежобасын жасау жолымен іске асырылды. Бүгінгі таңда YouTube-тің онлайн алаңында көру саны 131 мыңды, сондай-ақ «Aviasales» интернет-ресурсында бейнероликті ілгерілету бойынша 18,4 млн құрайды.

6) Еуропа мен Араб әлемі елдерінің аудиториясына бағытталған «**Kazakhstan – like never before» (2022)** имидждік маркетингтік науқанын іске асыру аясында елдік бейнеролик түсірілді. Науқанды іске асыру аясында барлығы 1,1 миллионнан астам қаралым жиналды.

Сонымен қатар, елдің туристік әлеуетін ілгерілету мақсатында ТикТок (TikTok) және СиТриппен (Strip) стратегиялық әріптестік орнатылып, жобалар іске асырылды.

Бұл ретте Туризм және спорт министрлігінің ілгерілетуді күшейтуге бағытталған бюджеттік өтінімдеріне (*BBC және CNN сияқты алаңдарда жарнама орналастыруды қоса алғанда*) жыл сайын қолдау көрсетілмейтінін, осыған байланысты неғұрлым қолайлы форматтар таңдалатынын және мақсатты нарықтарға нүктелі (*шектеулі*) жіберілетінін атап өткен жөн.

**Анықтама:** салыстыру үшін Қазақстанның 2023 жылы ілгерілету бюджеті 3 млн АҚШ долларын (1,3 млрд теңге) құрады; Өзбекстан елдің брендин әзірлеуге және елдің жарнамасын ұлғайтуға 9 млн АҚШ долларын жұмсады; Әзірбайжан өнімдерді әзірлеуге,

қызметкерлерді оқытуға және жарнамаға шамамен 25 млн евро бөлді; Грузия ITB Berlin бір халықаралық туристік көрмесінде тек жарнамаға 37 млн АҚШ долларын бөлді.

Шетелдік туристерге Қазақстан Республикасының аумағына кірген кезде sim-карталарды ұсыну, сондай-ақ елде туристердің болуы үшін базалық ақпаратты бірінші бетке (қосылған кезде) шығара отырып, халықаралық рейстердің ұшып келу аймағында тегін Wi-Fi қамтамасыз ету мәселелерін уәкілетті органдар мен ЖАО пысықталды.

### ***Бесінші. Круиздік туризмді дамытуға қатысты***

Маңғыстау өңірінің жоғары туристік әлеуетін ескере отырып, «Лотос» Астрахан кеме жасау зауытында салынып жатқан және 2024 жылы маршрут бойынша пайдалануға беру және іске қосу жоспарланып отырған «Ұлы Петр» круиздік кемесін іске қосу шеңберінде круиздік туризмді дамыту жоспарланып отыр. Ол үшін «Ақтау теңіз сауда порты» ҰК» АҚ тиісті дайындық жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта мүдделі мемлекеттік органдар Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын өзектендіру бойынша жұмыс жүргізуде. Аталған жобада Ақтау қаласында теңіз вокзалын салу мәселесін пысықтау, сондай-ақ «Кендірлі» жаңа курорттық аймағын дамыту және инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру көзделген, бұл өңірдің туристік өнімін кеңейтуге ықпал ететін болады.

Бұл бағыттағы жұмыс жүйелі негізде жалғастырылатын болады.

### ***Алтыншы. «eQонаq» қосымшасына және ресми қазақстандық сайтқа қатысты***

«eQонаq» (eHotel) – бұл туристерді есепке алуға, туристік ағымды талдауға және көші-қонды бақылауды жақсартуға арналған бірыңғай ақпараттық жүйе. SmartBridge интеграциялық порталы арқылы жүйені ҚР ІІМ «Көші-қон полициясы» ақпараттық жүйесінің сервисімен интеграциялау жүзеге асырылды.

«eQонаq» ақпараттық жүйесі арқылы шетелдік азаматтарды тіркеуді жеңілдету бөлігінде қонақ үйлердің бизнес-процестері жеңілдетілді. Сонымен қатар нақты уақыт режимінде статистикалық мәліметтер беретін аналитикалық база құрылды. Ақпаратты мүдделі мемлекеттік органдар мен бизнес пайдаланады.

Шетелдік туристер үшін Қазақстанның туристік әлеуеті туралы ақпараттың негізгі ресурсы **Kazakhstan.travel** ұлттық туристік порталы болып табылады. Facebook және Instagram әлеуметтік желілерінде тұрақты негізде аккаунттар жүргізіледі, порталға трафикті жүргізе отырып интернет-ресурстарда жарнама орналастырылады, іздеу жүйелері үшін сайтты оңтайландыру (SEO-оңтайландыру) бойынша жұмыстар жүргізіледі. Портал туристерге 8 тілде (қазақ, орыс, ағылшын, неміс, француз, қытай, корей, араб тілдері) туробъектілер, турагенттер, гид-экскурсоводтар, қолөнершілер, сондай-ақ ел аумағындағы алдағы және жоспарланған іс-шаралар туралы қажетті ақпаратты ұсынады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша порталды 700 мыңға жуық адам қолданды, ал күнделікті қолданушылар саны 2000-нан астам адамды құрады, сондай-ақ «Google» және

«Яндекс» іздеу жүйелеріндегі негізгі сұраныстар бойынша порталдың позициясы ТОП-5-ке дейін өсті.

Порталды ілгерілету бойынша жұмыс жалғасатын болады.

### ***Жетінші. Туризмдегі вахталық жұмысқа қатысты***

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараты бойынша Еңбек кодексінің 135-бабына сәйкес вахталық әдіс жұмыскерлердің тұрақты тұратын жерінен тыс жерде еңбек процесін жүзеге асырудың ерекше нысаны болып табылады, егер олардың тұрақты тұрғылықты жеріне күнделікті оралуы қамтамасыз етілмесе.

Вахтаның ұзақтығы он бес күнтізбелік күннен аспауға тиіс. Қызметкердің жазбаша келісімімен вахтаның ұзақтығы ұжымдық, еңбек шарттарына сәйкес отыз күнтізбелік күнге дейін ұлғайтылуы мүмкін.

Вахтаның мерзімін тұрғылықты жерінен тыс жерде 90 күнге дейін үздіксіз жұмыс істеу мерзімін ұзарту еңбек жағдайларын олардың нашарлауына қарай өзгерту және қызметкердің денсаулығы мен психофизиологиялық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін.

Сондай-ақ Қазақстанда туризм саласындағы қызметті жүзеге асырудың маусымдық сипатын ескере отырып, вахта мерзімін 90 күнге ұзарту да орынсыз болып табылды.

Аталған проблеманы шешу үшін еңбек заңнамасының қолданыстағы нормасын қолдану ұсынылады:

1-нұсқа. Жұмыскерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ете отырып, маусымдық қызметкер ретінде бес күндік және алты күндік жұмысқа 3 айға орналастыру.

2-нұсқа. Қызметкерлерді ауысымдық жұмыс режиміне маусымдық қызметкер ретінде тұрғын үймен қамтамасыз ете отырып, 3 айға орналастыру.

*Анықтама:* ауысымдық жұмыс өндірістік процестің ұзақтығы не жұмыс берушінің өндірістік қызметінің режимі күнделікті жұмыс ұзақтығының нормасынан асатын жағдайларда белгіленуі мүмкін.

*Жұмыскердің жұмыстың аяқталуы мен оның келесі жұмыс ауысымына басталуы арасындағы ауысым аралық демалысының ұзақтығы он екі сағаттан кем болмауы тиіс.*

3-нұсқа. Қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ете отырып, маусымдық қызметкер ретінде икемді жұмыс режиміне 3 айға орналастыру.

*Анықтама:* Икемді жұмыс уақыты режимі кезінде белгіленген жұмыс уақыты мен есептік кезең белгіленеді.

*Икемді жұмыс уақыты режиміндегі күнделікті жұмыстың және (немесе) апталық жұмыстың ұзақтығы күнделікті (8 сағат) және (немесе) апталық жұмыс уақытының (40 сағат) нормасынан көп немесе аз болуы мүмкін.*

*Икемді жұмыс уақыты бар есептік кезең алты айдан аспауы керек.*

Бұл ретте, жұмыс уақытының ұзақтығына байланысты еңбек және демалыс режимінің сақталуын, демалыс, мереке күндері және үстеме уақытта жұмысқа ақы төлеуді қамтамасыз ету қажет.

**Т. Дүйсенова**